

ҚҰРМЕТТІ 1 КУРС СТУДЕНТІ!

Академиялық күнтізбеге сәйкес

қыстық емтихандық сессия 2024ж 23-27 желтоқсанға дейін,

кеңес беру аптасы 2024ж 16 -20 желтоқсанға дейін,

демалыс 2024 жылдың 30 желтоқсанынан 2025 жылдың 10 қаңтарына дейін болады.

2024 жылдың 23-27 желтоқсанға дейін 1 курста емтихандар Емтихан кестесіне сәйкес келесі **МІНДЕТТІ**

ПӘНДЕР бойынша өтеді:

- **Есеп және аудит (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақ тілі/орыс тілі (эссе).
- **Банк және сақтандыру ісі (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақ тілі/орыс тілі (эссе).
- **Менеджмент (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақ тілі/орыс тілі (эссе).
- **Маркетинг (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақ тілі мен әдебиеті/Орыс тілі мен әдебиеті (диктант), География (билет), Математика (жазбаша емтихан).
- **Құқықтану (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақ тілі/орыс тілі (эссе).
- **Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (қазақ бөлімі):** Орыс тілі мен әдебиеті (диктант), Математика (жазбаша).
- **Бағдарламалық қамтамасыз ету (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақ тілі мен әдебиеті/Орыс тілі мен әдебиеті (диктант), Математика (жазбаша).

Жұмыс оқу жоспарында сараланған бақылау жұмыстары қарастырылған барлық қалған пәндер бойынша баға орташа аралық бақылау (Рср) негізінде шығарылады (**екі САБ қосындысының орташа мәні 50 балл және одан жоғары**).

Ескертпе 1:

Қандай жағдайларда студент қысқы сессияға жіберілмейді:

1. Екі САБ қосындысының орташа мәні 50 баллдан төмен студент – тиісті пәндер бойынша жазғы семестрге қалады (Мысалы: 1 САБ-20, 2 САБ-40, жалпы қосындысының орташа мәні екі САБ 30, яғни 50-ден аз).

2. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартына сәйкес оқу ақысын төлемеген студент емтиханға жіберілмейді. Бұл ретте сессияға рұқсат тек қаржылық қарызды өтегеннен кейін ашылады, әйтпесе **ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРГЕ ҚАЛАДЫ**.

Ескертпе 2:

1) Емтиханға себепті жағдаймен келмеген студент (ауру туралы анықтама) Оқу бөлімінің өкіміне сәйкес басқа күні емтиханды тегін тапсыру мүмкіндігін алады. Бұл ретте студент себепті жағдайын растайтын құжатымен бірге өтініш жазуы керек.

2) Емтиханға себепсіз жағдаймен келмеген студент Оқу бөлімінің өкіміне сәйкес емтиханды басқа күні **ақылы** негізде тапсыруға мүмкіндігі бар. Бұл ретте ол міндетті түрде емтихан тапсыруға өтініш жазып, төлемнің түбіртек көшірмесін бірге тапсыруы керек.

3) Емтиханға белгілі бір себеппен немесе себепсіз келмеген студенттер емтиханды Оқу бөлімінің арнайы кестесі бойынша тапсырады.

4) Емтиханды қайта тапсыру, алғашқы тапсыру туралы өтініш Оқу бөліміне түбіртекпен/ анықтамамен беріледі.

5) Студент емтиханды қайта тапсырған жағдайда үздік дипломға үміткер бола алмайды.

ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР: 2025 жылғы 12 мамырдан 06 маусымға дейін (4 апта), емтихан сессиясы 2025 жылғы 9-13 маусымға (1 апта) дейін өтеді.

1) Академиялық қарызы бар студент бас директордың атына кредиттер бойынша төлем түбіртегінің көшірмесімен бірге өтініш жазып Оқу бөліміне (117 каб.) өткізеді.

2) Пәндер бойынша кредиттер саны 18 кредиттен аспаса, студентке жазғы семестрге жазылу құқығы беріледі.

3) Пәндер бойынша академиялық қарызы 18 кредиттен асқан жағдайда студент **ҚАЙТАЛАУ КУРСЫНА ҚАЛАДЫ**.

Апелляция

Студенттер екі жағдайда апелляцияға бере алады:

1. Жазбаша жұмыстардың мазмұнына қарай.

2. Дұрыс емес сұрақтарға байланысты апелляция: Егер сұрақтар тізімінде екі немесе одан да көп дұрыс жауаптар болса немесе дұрыс жауаптар болмаса, онда сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Студент осы мәселелерді анықтаған жағдайда апелляциялық комиссияға пәнді және дұрыс емес сұрақты көрсете отырып, өтініш береді.

Апелляциялық комиссия өтінішті емтиханнан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылдайды.

Содан кейін апелляциялық комиссия екі жұмыс күні ішінде студенттің сұрағына жауап береді.

test@college-narxoz.kz